Товарищество с ограниченной ответственностью

«Нұрболат»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БИН 070540013468, ИИК № KZ416010231000036451 в АО «Народный Банк Казахстана», БИК HSBKKZKX
Мангистауский район, с. Шетпе, мкр. «Курылысшы», здания нотариуса

Шығ.№ 10/19
12.03.2019 ж.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
төрағасы А.Қ. Ахметовке

"Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі конкурс № 3023928-ОК1 "Түпқараған ауданында 7 полициялық учаске бөлімшесін салу" бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізді.

Осы конкурс бойынша "Нұрболат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - ЖШС) мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысқан еді, алайда конкурс комиссиясы серіктестік құжаттары толық, дұрыс бола тұра 2 жыл жұмыс өтілі жоқ,- деп құлатып тастады. Конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талаптарына олардың сәйкес келмеуін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, бас тарту себептерін егжей-тегжейлі сипаттау бөлігінде **"Для выполнения работ отсутствуют необходимы опыт на рынке закупаемых работ 2-х лет" - деп көрсеткен.**

Конкурстық комиссияның бұл келтіріп отырған негіздері негізсіз, заңға қайшы, себебі:

1. "Нұрболат" ЖШС-гі тікелей жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша да, қосымша мердігер болып жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша да, **Объектіні пайдалануға қабылдау актілерін, жасалған жұмыстардың актілерін, құрылыс категориясын (жауапкершілік деңгейін) анықтау үшін мемлекеттік және жеке сараптама қорытындыларын, түсіндірме жазбаларды (пояснительная записка)** құжаттарды толыққанды ұсынған еді, алайда конкурстық комиссия бұл ұсынған құжаттарды көпе-көрнеу, заңсыз есепке алмай отыр. **"Нұрболат" ЖШС-нің барлық жасаған құрылыс-монтаж жұмыстарының жауапкершілік деңгейі II-санатты, өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттарға кіреді**. Конкурстық комиссия "Ғимараттармен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы" ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы28 ақпандағы №165 бұйрығын басшылыққа алмай отыр.

Конкурс бойынша салынатын учаскелік полиция бекетінің размері жобалық-сметалық құжаттама бойынша по осям 10,4Х9,6м, бір этажды, қосымша құрылыстары жоқ, II-жауапкершілікті деңгейдегі ғимарат.

Конкурстық комиссия "Нұрболат" ЖШС-нің жұмыс өтілі бойынша балдарын дұрыс есептемеген: тікелей жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша 7,6 балл, қосымша мердігер болып жасаған құрылыс-монтаж жұмыстарын қосып есепке алғанда 10 балл, ИСО және Экологиялық менеджменті бойынша -3 балл, барлығы 13 балл беру керек еді. "Нұрболат" ЖШС-нің қосымша мердігер болып жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынсақта, конкурстық комиссия жұмыс өтілін есептемей отыр. Конкурстық комиссиядан барып жұмыс өтіліне неге балды есептемегендігін сұрағанда, орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне тех. надзордың қолы, мөрі қойылмаған, сондықтан балды есептемедік,- деп түсінік берді. Алайда жеке меншіктегі объектілердің орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне заң бойынша тех. надзордың қолы мен мөрі талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген өзгеріске сәйкес қағидада:

"Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны немесе орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды немесе сәйкестік туралы декларация **ұсынады**.

Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады-деп көрсетілген. "Нұрболат" ЖШС-гі қосымша мердігер болып ұсынған жұмыстардың негізгі қабылдау актілері 3 (үш) дәне 2001 жылғы қабылдау акті үлгісімен толтырылған. Сондықтанда қосымша мердігер болып жасаған ұмыстар бойынша да конкурстық комиссия балдарды есептеу керек еді.

(В случае, если предметом конкурса является строительство новых, а также расширение, техническое перевооружение, модернизация, реконструкция, реставрация и капитальный ремонт существующих объектов, документом, подтверждающим опыт работы, является электронные копии актов приемки выполненных работ и приемки объектов в эксплуатацию.

В случае, если потенциальный поставщик имеет опыт работы в качестве субподрядчика представляется электронные копии актов приемки выполненных работ и приемки объекта в эксплуатацию, либо заключение о

качестве строительно-монтажных работ или заключение о соответствии выполненных работ проекту или декларации о соответствии, в которых указываются сведения об этом субподрядчике.

В случае отсутствия сведений о субподрядчике в акте приемки объекта в эксплуатацию, дополнительно представляется электронная копия декларации о соответствии, в которой указываются сведения об этом субподрядчике.)

Құрметті Азамат Қуатұлы, Сізден, осы заңсыздықтарты жойып, "Нұрболат" ЖШС-нің жұмыс өтілі бойынша балдарын дұрыс есептеп, қорытынды хаттаманы қайта жасақтауды (пересмотр итогов) сұраймын.

Құрметпен
"Нұрболат" ЖШС-гі директоры **Нурбосинов Н.О.**